Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318

ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ/ LAW SERIES/ СЕРИЯ ПРАВО

Қылмыстық құқық. Қылмыстық процесс / Criminal law. Criminal procedure/ Уголовное право. Уголовный процесс

ХҒТАР 10.81.00 https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-156-3-157-170
Ғылыми мақала

Зорлық-зомбылықтың цифрлық нысандары: қоғамды цифрландыру контекстінде онлайн-буллинг, сталкинг және психологиялық зорлық-зомбылыққа қарсы қылмыстық-құқықтық шаралар

А.Б. Сактаганова*[1], Н.Е. Қыргызбай[2], А.Ж. Омаров[3]

[1,2,3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: [1]aridnissakta.11@gmail.com, [2]erlanovnanazerke@gmail.com, [3]Omarov_8@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала қоғамды цифрландыру жағдайында кең таралған зорлық-зомбылықтың жаңа нысандарын – онлайн-буллингті, сталкингті, кибersталкингті және психологиялық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық әрі қылмыстық-процестік тұрғыдан зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдары қалыптасқан заңнамасын талдау, қолданыстағы құқықтық тетіктердің тиімділігін бағалау және оларды жетілдірудің нақты жолдарын ұсыну. Жұмыстың негізгі бағыттары кәмелетке толмағандар мен ересектерді цифрлық қудалаудан қорғауды, сталкинг үшін жауаптылықты, психологиялық зорлық-зомбылықты құқықтық саралауды, сондай-ақ цифрлық дәлелдемелерді жинау, бекіту және сақтау тәртібін қамтиды. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы ұлттық құқықтық реттеудің олқылықтарын анықтап, оларды Ұлыбритания мен Италияның тәжірибесі және халықаралық стандарттар негізінде шешу тетіктерін негіздеуден көрінеді. Зерттеу барысында формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік-құрылымдық және статистикалық әдістер қолданылды. Нәтижесінде кибербуллингтен арнайы қорғаудың негізінен кәмелетке толмағандарға бағытталғаны, ересектерге қатысты қайталанатын цифрлық қудалаудың жеткілікті реттелмегені және электрондық деректердің тұтастығы мен сақтау тізбегіне қойылатын процестік талаптардың нақтыланбағаны анықталды. Автор арнайы әкімшілік құрам енгізуді, жедел соттық қорғау нұсқамаларын қолдануды, цифрлық дәлелдемелердің түпнұсқалығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін ведомствоаралық қағидаларды бекітуді және бірыңғай статистикалық жіктеуіш қалыптастыруды ұсынады. Зерттеудің құнды-лығы цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсы қылмыстық-құқықтық, процестік және профилактикалық шараларды өзара байланысты жүйе ретінде қарастыруында.

Түсті: 26.06.2026 Мақұлданды: 23.09.2026 Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

***хат-хабар үшін автор**

Ұсынылған қорытындылар заң шығару, сот-тергеу, прокурорлық қадағалау және құқық бұзушылық профилактикасы практикасында пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: цифрлық зорлық-зомбылық, онлайн-буллинг, сталкинг, кибersталкинг, психологиялық зорлық-зомбылық, цифрлық дәлелдемелер, прокурорлық қадағалау.

А.Б. Сактаганова*[1], Н.Е. Қыргызбай[2], А.Ж. Омаров[3]

[1,2,3]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (e-mail:[1]aridnissakta.11@gmail.com, [2]erlanovnanazerke@gmail.com, [3]Omarov_8@mail.ru)

Цифровые формы насилия: уголовно-правовые меры противодействия онлайн-буллингу, сталкингу и психологическому насилию в контексте цифровизации общества

Аннотация. Статья посвящена уголовно-правовому и уголовно-процессуальному исследованию новых форм насилия, получивших распространение в условиях цифровизации общества: онлайн-буллинга, сталкинга, кибersталкинга и психологического насилия. Цель исследования заключается в анализе законодательства Республики Казахстан, сформированного в 2022–2026 годах, оценке эффективности действующих правовых механизмов и разработке конкретных предложений по их совершенствованию. Основные направления работы охватывают защиту несовершеннолетних и взрослых от цифрового преследования, ответственность за сталкинг, правовую квалификацию психологического насилия, а также порядок собирания, фиксации и сохранения цифровых доказательств. Научная и практическая значимость исследования состоит в выявлении пробелов национального правового регулирования и обосновании способов их устранения с учётом опыта Великобритании и Италии, а также международных стандартов. В работе применены формально-юридический, сравнительно-правовой, системно-структурный и статистический методы. Установлено, что специальная защита от кибербуллинга преимущественно распространяется на несовершеннолетних, повторяющееся цифровое преследование взрослых урегулировано недостаточно, а процессуальные требования к целостности и цепочке хранения электронных данных нуждаются в уточнении. Предлагается установить специальный состав административного правонарушения, внедрить срочные судебные защитные предписания, утвердить межведомственные правила обеспечения подлинности и целостности цифровых доказательств и сформировать единую статистическую классификацию. Ценность исследования заключается в комплексном рассмотрении уголовно-правовых, процессуальных и профилактических мер противодействия цифровому насилию. Сформулированные выводы могут применяться в законотворческой деятельности, судебно-следственной практике, прокурорском надзоре и профилактике правонарушений.

Ключевые слова: цифровое насилие, онлайн-буллинг, сталкинг, кибersталкинг, психологическое насилие, цифровые доказательства, прокурорский надзор.

A.B. Saktaganova*[1], N.Ye. Kyrgyzbay[2], A.Zh. Omarov[3]
[1,2,3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
(e-mail: [1]aridnissakta.11@gmail.com, [2]erlanovnanazerke@gmail.com, [3]Omarov_8@mail.ru)

Digital forms of violence: criminal-legal measures against online bullying, stalking and psychological violence in the context of the digitalization of society

Abstract. The article presents a criminal-law and criminal-procedure analysis of new forms of violence that have become widespread amid the digitalization of society, including online bullying, stalking, cyberstalking, and psychological violence. The study aims to examine the legislation of the Republic of Kazakhstan developed between 2022 and 2026, assess the effectiveness of existing legal mechanisms, and formulate specific proposals for their improvement. Its main areas include the protection of minors and adults from digital harassment, liability for stalking, the legal classification of psychological violence, and the procedures for collecting, recording, and preserving digital evidence. The scientific and practical significance of the study lies in identifying gaps in national legal regulation and substantiating ways to address them with due regard to the experience of the United Kingdom and Italy and relevant international standards. The research employs formal legal, comparative legal, systemic and structural, and statistical methods. The findings demonstrate that specific protection against cyberbullying primarily covers minors, while repeated digital harassment of adults remains insufficiently regulated. Procedural requirements concerning the integrity and chain of custody of electronic data also require further clarification. The article proposes introducing a specific administrative offence, establishing urgent judicial protection orders, adopting inter-agency rules to ensure the authenticity and integrity of digital evidence, and developing a unified statistical classification. The study contributes to the relevant field by examining criminal-law, procedural, and preventive measures against digital violence as an integrated system. Its findings may be applied in legislative activity, judicial and investigative practice, prosecutorial supervision, and crime prevention.

Keywords: digital violence, online bullying, stalking, cyberstalking, psychological violence, digital evidence, prosecutorial supervision.

Кіріспе

Қазақстан қоғамының цифрлық трансформациясы соңғы он жылда айтарлықтай жеделдеді. Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы аясында интернетке қолжетімділік ел халқының 90 пайыздан астамын қамтыды, ал әлеуметтік желілер мен жедел хабар алмасу сервистері күнделікті қарым-қатынастың негізгі алаңына айналды. Осы үрдістің көлеңкелі жағы да бар. Зорлық-зомбылық физикалық кеңістіктен виртуалды ортаға ауысып, бұрын белгісіз болған жаңа нысандарға ие болды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің деректері бойынша бір жыл ішінде интернет ортасында кибербуллингтің жетпіс мыңға жуық дерегі анықталған, ал мемлекет әлеуметтік желілер мен мессенджерлер әкімшілігіне материалдарды жою туралы шамамен бір мың сегіз жүз өтініш жолдаған [1]. Бұл сандар құбылыстың ауқымын ғана емес, оған қарсы құқықтық тетіктердің әлі толық қалыптаспағанын да аңғартады.

Цифрлық зорлық-зомбылық ұғымы біртекті емес. Оның құрамына кемінде үш дербес құбылыс кіреді.

Бірінші, онлайн-буллинг немесе кибербуллинг, яғни жәбірленушіні қорлау, қудалау және қорқыту мақсатында жасалатын жүйелі әрекеттер.

Екінші, сталкинг және оның цифрлық түрі болатын кибersталкинг, яғни адамды оның еркіне қарсы аңду мен бақылау.

Үшінші, психологиялық зорлық-зомбылық, яғни физикалық зиян келтірмей-ақ адамның психикасына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін қысым.

Біздің пайымдауымызша, осы үш нысанды бір-бірінен ажыратпай қарау практикалық саралауда елеулі қателіктерге әкеледі.

Қазақстандағы цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсы құқықтық тетіктерді талдау бұл құбылыстың бірыңғай құқықтық құрам ретінде емес, жәбірленушінің жасына, жасалған әрекеттің сипатына, қайталануына, келтірілген зиянға және кінәлінің мінез-құлқына қарай бірнеше құқықтық нормалар арқылы сараланатынын көрсетеді. Бұл тұрғыда кибербуллингті құқықтық танудың бастапқы нормативтік негізі 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚР Заңымен қалыптастырылды. Аталған заңмен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 1-бабы 4-1) тармақшасымен толықтырылып, баланы жәбірлеу (буллинг) және оның телекоммуникация желілері арқылы жүзеге асырылатын нысаны – кибербуллинг заңнамалық деңгейде бекітілді. Кейін бұл норма 2023 және 2024 жылдары нақтыланып, қазіргі редакциясында онлайн-платформаларды пайдалану арқылы жасалатын әрекеттерді де қамтиды. Заң кибербуллингті қорлау сипатындағы жүйелі, яғни екі және одан көп әрекеттер, қудалау немесе қорқыту, сондай-ақ белгілі бір әрекетті жасауға не одан бас тартуға мәжбүрлеу ретінде айқындайды. Демек, заң шығарушы кибербуллингтің маңызды белгісі ретінде әрекеттің жүйелілігін бекіткен.

Кибербуллинг үшін дербес әкімшілік жауаптылық Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-2-бабында белгіленген. Аталған нормаға сәйкес кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг) ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет үшін отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл көзделген. Осылайша, қолданыстағы модель кибербуллингті ең алдымен кәмелетке толмағандарды қорғау институты ретінде қарастырады. Бұл ретте ересек адамға қатысты жүйелі онлайн-қорлау немесе психологиялық қысым дәл осындай белгілерге ие болғанымен, ӘҚБтК-нің 127-2-бабының арнайы қорғау аясына кірмейді. Сондықтан цифрлық ортадағы жәбірленушінің жасына қарай құқықтық қорғау режимінің айырмашылығы туындайды.

Цифрлық зорлық-зомбылықты қылмыстық-құқықтық бағалау тұрғысынан 2025 жылғы заңнамалық өзгеріс ерекше маңызға ие. 2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VIII ҚР Заңымен Қылмыстық кодекс 115-1-баппен – «Сталкинг» құрамымен толықтырылды. Норма алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді. ҚК-нің 115-1-бабы сталкингті адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын және елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау ретінде белгілейді. Мұндай іс-әрекет үшін екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, сол мөлшерде түзеу жұмыстары, екі жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе елу тәулікке дейін қамақ көзделген.

Аталған норманың цифрлық зорлық-зомбылықпен байланысы оның технологиялық бейтарап конструкциясынан көрінеді. 115-1-бап сталкингтің жасалу тәсілін тек физикалық аңдумен шектемейді. Сондықтан әлеуметтік желілер, мессенджерлер, электрондық пошта, жалған аккаунттар немесе өзге цифрлық байланыс құралдары арқылы адамның еркіне қарсы тұрақты байланыс орнатуға бағытталған әрекеттер тиісті заңдық белгілер болған жағдайда осы норманы қолдану мәселесін туындатуы мүмкін. Алайда мұнда автоматты түрде кез келген қайталанған онлайн-хабарламаны сталкинг деп тануға болмайды: қылмыстық-құқықтық саралау үшін заңда көрсетілген белгілердің, соның ішінде заңсыз құдалау мен елеулі зиянның нақты іс бойынша дәлелденуі қажет. Осы ерекшелік кибersталкинг жағдайларында жәбірленушіге келтірілген психологиялық, әлеуметтік немесе өзге де елеулі зиянды анықтау мәселесін алдыңғы қатарға шығарады.

Психологиялық зорлық-зомбылықты саралау мәселесі де күрделі. Қылмыстық кодекстің 110-бабы психикалық зардап шегуді қылмыстық-құқықтық маңызы бар салдардың бірі ретінде тікелей таниды. Бірақ бұл норма кез келген психологиялық қысымды дербес қылмыс ретінде қарастырмайды: қылмыстық жауаптылық үшін бап диспозициясында көзделген әрекеттер мен мақсаттың болуы қажет. Сондықтан қорқыту, жүйелі бақылау, цифрлық оқшаулау, беделін түсіру, жеке ақпаратты жариялаймын деп қысым жасау сияқты онлайн мінез-құлықтың қылмыстық-құқықтық бағасы нақты әрекеттің объективтік және субъективтік белгілеріне тәуелді. Бұл жағдай «цифрлық психологиялық зорлық-зомбылық» ұғымы мен қолданыстағы қылмыс құрамдарының арасындағы шекараны ғылыми тұрғыдан нақтылауды қажет етеді.

Цифрлық кеңістіктегі қорғаудың тағы бір деңгейі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» 2023 жылғы 10 шілдедегі № 18-VIII ҚР Заңымен қалыптастырылған. 2026 жылғы қолданыстағы редакцияда онлайн-платформалардың меншік иелеріне кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау, уәкілетті органның нұсқамасы бойынша құқыққа қайшы контентті немесе балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты тарататын аккаунттардың қызметін тоқтата тұру бойынша міндеттер жүктеледі. Заңның 14-бабының 3-тармағына сәйкес онлайн-платформаның меншік иесі немесе заңды өкілі уәкілетті органның нұсқамасын алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты жою жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті. Осылайша, құқықтық қорғау тек құқық бұзушыны жауаптылыққа тартумен шектелмей, зиянды цифрлық контенттің одан әрі таралуын тоқтатуды да қамтиды.

Сонымен бірге цифрлық зорлық-зомбылық істеріндегі негізгі практикалық мәселенің бірі – электрондық іздерді уақтылы бекіту. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 111-бабы дәлелдемелер ретінде заңды түрде алынған нақты деректерді таниды, ал 122-бап дәлелдемелерді жинаудың оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтитынын белгілейді. Маңыздысы, ҚПК-нің 122-бабы электрондық құжат нысанындағы мәліметтерді қылмыстық іске дәлелдеме ретінде ұсыну мүмкіндігін тікелей көздейді. 123-бап бойынша нақты деректер процестік әрекеттер хаттамаларында тіркелгеннен кейін дәлелдеме ретінде пайдаланылуы мүмкін, ал 126-бап дәлелдеу барысында ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл нормалардың цифрлық зорлық-зомбылық істері үшін практикалық маңызы жоғары. Скриншот, хат алмасу тарихы, аудио-бейнежазба немесе аккаунт туралы мәлімет

әрекеттің болғанын көрсетуі мүмкін, бірақ олардың дәлелдемелік күші тек мазмұнмен шектелмейді. Ақпараттың қайдан алынғаны, оның түпнұсқалығы, өзгертілмегендігі, нақты тұлғамен байланысы және процестік тәртіппен бекітілуі де бағалануға тиіс. ҚПК-нің 125-бабы әрбір дәлелдемені қатыстылығы, жол берілетіндігі және анықтығы, ал олардың жиынтығын жеткіліктілігі тұрғысынан бағалауды талап етеді. Осы себепті цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсы қылмыстық-құқықтық саясат материалдық-құқықтық тыйымдарды жетілдірумен қатар, электрондық дәлелдемелерді жедел сақтау мен процестік бекітудің тиімді тетіктеріне сүйенуге тиіс.

Дәстүрлі қылмыстық құқық негізінен физикалық зиян айналасында құрылған. Дене жарақаты, мүлікке келтірілген залал, өмір мен денсаулыққа төнген қауіп көзбен көрінеді әрі дәлелдеуге келеді. Цифрлық зорлық-зомбылық бұл логикаға қиын сыяды. Оның *басты салдары* психологиялық сипатта болады, ал қылмыстық іс жүргізуде психикалық зиянды объективтендіру әрдайым күрделі.

Қазақстандық реттеудің *екінші проблемасы* оның бытыраңқылығында. Кибербуллингтен қорғау негізінен кәмелетке толмағандарға ғана таралады. «Бала құқықтары туралы» Заңның 1-бабының 4-1-тармағы кибербуллингті балаға қатысты қорлау, қудалау немесе қорқыту сипатындағы жүйелі әрекеттер ретінде айқындайды [2]. Ал ересек адам осындай қудалауға тап болса, ол көбіне Қылмыстық кодекстің 131-бабындағы қорлау құрамына сүйенуге мәжбүр, бұл жеке айыптау тәртібіндегі іс және оны дәлелдеу ауыртпалығы тұтастай жәбірленушіге жүктеледі.

Үшінші проблема жаңа нормалардың дәлелдемелік базасымен байланысты. Сталкинг 2025 жылы ғана дербес құрам ретінде криминалданды, бірақ оның материалдық құрамы елеулі зияннның болуын талап етеді [3]. Цифрлық ортада жүйелілік пен зиянды бекіту, скриншоттар мен метадеректерді сот рәсіміне жарамды дәлелге айналдыру бүгінгі тергеу практикасында жеткілікті пысықталмаған. Прокурор ретінде жинақталған бақылаулар осы тұстағы олқылықтың практикалық салмағын айқын көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты қоғамды цифрландыру жағдайында зорлық-зомбылықтың цифрлық нысандарына қарсы Қазақстан Республикасында қолданылатын қылмыстық-құқықтық шаралардың жүйесін кешенді талдау, олардың тиімділік деңгейін бағалау және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нақты ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндет шешіледі. Онлайн-буллинг, сталкинг және психологиялық зорлық-зомбылықтың құқықтық белгілерін ажырату, оларды қолданыстағы құрамдар бойынша саралаудың мүмкіндіктерін бағалау, шетелдік модельдермен салыстыру және прокурорлық қадағалау тұрғысынан құқық қолдану практикасының түйткілдерін көрсету қажет.

Тарихнама. Зорлық-зомбылықтың цифрлық нысандарын құқықтық реттеу мәселесі шетелдік заңнамада бірнеше модель арқылы шешілген. Ұлыбританияның 1997 жылғы Protection from Harassment Act заңы қудалауды кемінде екі әрекеттен тұратын мінез-құлық желісі ретінде белгілейді; 2012 жылғы өзгерістер сталкинг пен зорлықтан немесе елеулі үрейден қауіп төндіретін сталкингті дербес құрамдарға бөлді. Бұған қоса, Stalking Protection Act 2019 қылмыстық үкімді күтпей-ақ соттың алдын ала қорғау нұсқамасын қолдануына мүмкіндік береді [4]. Италия Қылмыстық кодексінің 612-бабы жәбірленушіде тұрақты және ауыр үрей туғызу, оның қауіпсіздігіне негізді қорқыныш келтіру немесе күнделікті әдеттерін өзгерту салдарының кемінде біреуін талап етеді және полиция квесторының алдын ала ескерту тетігімен толықтырылады [5].

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен үй-ішілік зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Еуропа Кеңесінің Стамбул конвенциясы психологиялық зорлық-зомбылық пен сталкингті тиісінше 33 және 34-баптарда дербес құқыққа қайшы әрекеттер ретінде қарастырады [9]. Қазақстан Конвенцияға қатысушы мемлекет емес, сондықтан оның ережелері тікелей міндеттеме емес, салыстырмалы-құқықтық бағдар ретінде пайдаланылады. Мұндай тәсіл шетелдік нормаларды механикалық көшіруді емес, қылмыстық жауаптылықты алдын ала қорғау шараларымен, пропорционалдықпен және цифрлық дәлелдемелердің сенімді рәсімімен ұштастыруды талап етеді.

Қазақстандағы заңнаманың дамуы кезең-кезеңімен жүрді. 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII Заңмен «Бала құқықтары туралы» Заңның 1-бабына буллинг пен кибербуллинг ұғымдары енгізіліп, өзгерістер 2022 жылғы 17 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді [2]. 2023 жылғы 10 шілдедегі № 18-VIII «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң 2023 жылғы 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіліп, онлайн-платформа иелеріне уәкілетті органның балаға қатысты кибербуллинг деп танылған контентті жою туралы нұсқамасын орындау міндетін жүктеді [6]. 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII және № 73-VIII заңдардың негізгі ережелері 2024 жылғы 16 маусымнан бастап күшіне еніп, ұрып-соғу мен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру қайта криминалданды, ал ӘҚБтК 127-2-баппен толықтырылды [7]. 2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VIII Заңмен Қылмыстық кодекске 115-1-бап енгізіліп, сталкинг дербес қылмыстық құқық бұзушылық ретінде белгіленді; норма Заң ресми жарияланғаннан кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында бірнеше әдіс ұштастырылды. Формальды-құқықтық, яғни догматикалық әдіс қылмыстық және әкімшілік заңнама нормаларын талдауға, олардың құрылымы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-құқықтық әдіс қазақстандық реттеуді Ұлыбритания, Италия модельдерімен және Стамбул конвенциясының стандарттарымен салғастыруға қолданылды.

Жүйелі-құрылымдық әдіс цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралардың өзара байланысын тұтас жүйе ретінде қарастыруға, ал статистикалық деректерді талдау құбылыстың нақты ауқымын бағалауға негіз болды. Сонымен қатар прокурорлық қадағалау практикасынан туындайтын эмпирикалық байқаулар құқық қолдану деңгейіндегі түйткілдерді нақтылауға септігін тигізді.

Нәтижелер мен талқылау

Онлайн-буллинг және оның құқықтық сарапануы. «Бала құқықтары туралы» Заңның 1-бабының 4-1) тармақшасы кибербуллингті балаға қатысты қорлау, құдалау немесе қорқыту сипатындағы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын және телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы екі және одан да көп рет жасалған әрекеттер ретінде айқындайды [2].

2024 жылғы 15 сәуірдегі № 73-VIII Заңмен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс 127-2-баппен толықтырылып, бұл норма 2024 жылғы 16 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді. Бап кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг) үшін

ескерту немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлды, ал бір жыл ішінде қайталанған әрекет үшін отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұлды көздейді [8].

Істерді анықтау мен материалдарды ресімдеуге ішкі істер және білім беру саласындағы уәкілетті органдар қатысады. Бұл институционалдық тұрғыдан қорғауды күшейтеді, алайда арнайы әкімшілік-құқықтық норма тек кәмелетке толмаған жәбірленушіні қамтиды. Ересек адамға қатысты жүйелі цифрлық қудалау фактілері нақты мән-жайына қарай қорлау, қорқыту, жеке өмірге қол сұғу немесе сталкинг құрамдары арқылы бағаланады. Сондықтан ересектерді қорғау үшін «кибербуллинг» ұғымын дәлме-дәл кеңейтуден бұрын қайталанатын цифрлық қудалаудың белгілерін, кінә нысанын және өзге құрамдармен арақатынасын айқындайтын жеке әкімшілік құрам енгізу орынды.

Жеке айыптау істерінде жәбірленушінің шағымы мен өзі ұсынған материалдардың сапасы ерекше мәнге ие болғанымен, ҚПК-нің дәлелдемелерді жинау және бағалау жөніндегі жалпы талаптары сақталады. Цифрлық хабарламалардың көлемі мен контексті лингвистикалық және компьютерлік-техникалық зерттеуді қажет етуі мүмкін. Осыған байланысты бастапқы материалды толық электрондық пішінде қабылдайтын үлгілік хаттама, аккаунттың сәйкестендіргішін, URL-мекенжайды, күн мен уақытты, құрылғы мен файл туралы мәліметтерді көрсетуге арналған міндетті өрістер және маманды ерте тарту тәртібі бекітілуге тиіс.

Сталкинг пен киберсталкинг. Қылмыстық кодекстің 115-1-бабы сталкингті адамды оның еркіне қарсы байланыс орнатуға және немесе аңдуға бағытталған, зорлықпен ұштаспаған, елеулі зиян келтірген заңсыз қудалау ретінде айқындайды. Жаза ретінде екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл, сол мөлшердегі түзеу жұмыстары, екі жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар немесе елу тәулікке дейінгі қамау көзделген. Бұл құрам материалдық сипатта, яғни қылмыс жәбірленушіге елеулі зиян келтірілген сәтте ғана аяқталған деп есептеледі, оның мазмұны Кодекстің 3-бабының 14-тармағында ашылады [9].

Киберсталкинг осы баптың цифрлық көрінісі. Қудалаушы блокталғаннан кейін жалған аккаунттар арқылы хабарласуды жалғастырса, басқа желілерде аңдыса, бұл әрекет сталкинг ретінде сараланады. Егер қудалау зорлықпен, қоқан-лоққымен немесе жеке өмірге қол сұғумен ұштасса, әрекет 115-1-баппен қатар Кодекстің 115 және 147-баптары бойынша жиынтығымен бағаланады. Жеке өмірге қол сұғу үшін бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл немесе үш жылға дейінгі бас бостандығынан айыру мүмкіндігі цифрлық қудалаудың осы түрін айтарлықтай ауырлатады [10].

Жаңа норманың тиімділігі дәлелдеу сапасына тікелей тәуелді. Қазақстан Республика-сы Бас прокуратурасының түсіндіруіне сәйкес, заңды жедел-іздестіру немесе өзге де уәкілетті әрекеттер сталкинг болып табылмайды; қылмыстық жауаптылық үшін 115-1-бапта көрсетілген заңсыз қудалау мен елеулі зиянның себептік байланысы дәлелденуге тиіс [11]. Сондықтан скриншот хабарламаның көрнекі көшірмесі ретінде ғана қарастырылып, мүмкіндігінше бастапқы электрондық дерекпен, аккаунт пен құрылғы туралы мәліметтермен, серверлік журналдармен және сарапшы қорытындысымен расталуы қажет.

Цифрлық дәлелдемелерді жинау және сақтаудың қылмыстық-процестік негіздері. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі цифрлық дәлелдемелерді дербес түр ретінде толық жіктемегенімен, электрондық мәліметтерді заттай дәлелдеме, құжат немесе тергеу әрекетінің хаттамасына қосымша ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. ҚПК-нің 112-бабы заң бұза отырып алынған деректерді жол берілмейтін

ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318

дәлелдемелер деп тануды көздейді; 118-121-баптар заттай дәлелдемелердің, процестік әрекеттер хаттамаларының, құжаттардың және оларды сақтау тәртібінің жалпы режимін белгілейді; 122-125-баптар дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу және бағалауға қолданылады [12].

Онлайн-құдалау істерінде электрондық іздерді оқиға орнын немесе құрылғыны қарап-тексеру, тінту, алу, ақпаратты талап ету және сараптама тағайындау арқылы бекітуге болады. Алайда деректердің өзгергіш сипаты қосымша кепілдіктерді талап етеді: құрылғыны алған сәттегі күйін хаттамалау; түпнұсқаның биттік көшірмесін жасау; көшірменің тұтастығын хэш-мәнмен растау; уақыт белдеуін, метадеректерді және әрекеттер журналын сақтау; әрбір беру фактісін тіркейтін үздіксіз сақтау тізбегін жүргізу; тексеру үшін бақылау көшірмесін бөлек сақтау. Бұл рәсімдер маманның қатысуымен жүргізіліп, хаттамаға қолданылған бағдарламалық құралдар мен есептелген бақылау мәндері енгізілуі тиіс [13].

Жойылып кету қаупі бар платформалық деректер бойынша тергеуші немесе прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейін онлайн-платформаға деректерді уақытша сақтау туралы дереу талап жолдап, кейін оларды ҚПК-де көзделген тәртіппен алуға тиіс. Ұлттық юрисдикциядан тыс орналасқан сервиске қатысты халықаралық құқықтық көмек және платформаның ресми құқық қорғау арналары қатар пайдаланылуы мүмкін. Осы рәсімді Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және цифрлық даму саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік қаулысымен бекіту цифрлық іздердің жоғалуын азайтып, олардың түпнұсқалығы мен соттағы жол берілетіндігін қамтамасыз етеді.

Психологиялық зорлық-зомбылық. Қылмыстық заңда психологиялық зорлық-зомбылық дербес құрам ретінде көзделмеген. Оның жекелеген көріністері ғана жанама нормалармен қамтылады. Кодекстің 105-бабы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуді қоқанлоққы, қатыгездікпен қарау немесе адамның қадір-қасиетін жүйелі қорлау арқылы жасалатын әрекет ретінде сипаттайды, ал кәмелетке толмаған адамға қатысты бұл әрекет бес жылдан тоғыз жылға дейінгі бас бостандығынан айырумен жазаланады [14].

Қинау жөніндегі 110-бап жүйелі психологиялық қысымды ішінара қамтиды, бірақ оның қолданылу аясы тым тар. 2024 жылғы реформа айыпкердің мінез-құлқына ерекше талаптар институтын енгізіп, сот жәбірленушіні іздеуге, құдалауға, онымен байланысқа түсуге тыйым салуды үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгілей алатын болды. Бұл шара психологиялық құдалаудан қорғаудың пәрменді тетігі, дегенмен ол негізінен отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясымен шектеледі [15].

Стамбул конвенциясының 33 және 34-баптары психологиялық зорлық-зомбылық пен сталкингті салыстырмалы стандарт ретінде ажыратады [9]. Қазақстан бұл Конвенцияға қатысушы болмағандықтан, ұлттық реформа қазақстандық қылмыстық заңның қағидаттарына негізделуге тиіс. Психологиялық зорлық-зомбылықты дербес криминалдау туралы мәселені шешкенде әрекеттің жүйелілігі, қасақаналығы, елеулі психологиялық зардап немесе негізді үрей туғызуы және жәбірленушінің өмір салтын өзгертуі сияқты анық белгілер көзделуі қажет; бұл қылмыстық заңның шамадан тыс кең қолданылуына жол бермейді [16].

Прокурорлық қадағалау тұрғысынан статистиканың бөлшектенуі де елеулі мәселе болып табылады. Құқықтық статистикада цифрлық зорлық-зомбылықтың барлық нысанын бірізді сәйкестендіретін бірыңғай белгі болмаған жағдайда, бір құбылыс әртүрлі қылмыстық және әкімшілік құрамдар бойынша есепке алынады. Сондықтан Қазақстан

Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті қылмыстық және әкімшілік істердің ақпараттық жүйелеріне «цифрлық тәсіл», «қайталанатын қудалау», «онлайн-платформа» және «жәбірленушінің жасы» деген жіктеуіштер енгізіп, жыл сайын ашық жиынтық есеп жариялауы қажет.

Цифрлық технологиялар арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу. Зорлық-зомбылықтың цифрлық нысандарына қарсы күрес тек жауаптылық шараларымен шектелмейді [17]. 2025 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, 2026 жылғы 2 наурызда күшіне енген «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының № 245-VIII Заңы профилактиканың жаңа моделін қалыптастырды [18]. Заң бұрын қолданыста болған бес нормативтік актіні біріктіріп, репрессиялық шаралардан гөрі превентивтік шараларды, тәуекелдерді ерте анықтауды және ведомствоаралық үйлестіруді басымдыққа қойды. Аталған Заңның 44-бабы ғылым мен техника жетістіктерін профилактикаға тікелей кіріктіруді көздейді, бұл цифрлық құралдарды құқық қолдану практикасына енгізудің заңды негізіне айналады.

Бұған нақты мысал ретінде Астана қаласындағы Smart City жобасын келтіруге болады. Жоба жасанды интеллект көмегімен бес мыңнан астам мектеп камерасы мен елуден астам көше және жолжиегі камерасынан түскен бейне ағынды өңдейді. Жүйе мектеп ортасындағы буллинг белгілерін автоматты түрде анықтап, тиісті дабылды құқық қорғау органдары пысықтауы үшін Жедел басқару орталығына жібереді. Біздің бағалауымызша, бұл тәсіл онлайн-буллинг пен мектептегі қудалауды ерте сатыда айқындаудың тиімді тетігі әрі профилактика туралы Заңның логикасына толық сай келеді.

Сонымен бірге автор осы жердегі тепе-теңдікке ерекше назар аударады. Жаппай бейнебақылау мен жасанды интеллект арқылы талдау адамның жеке өміріне қол сұғу қаупін арттырады, ал профилактика туралы Заңның өзі жеке өмір мен отбасылық құпия туралы мәліметтердің жария етілмеуін талап етеді. Сол себепті камералардан алынатын деректерді өңдеу мен сақтаудың нақты регламентін бекіту, оларды тек профилактика мен қылмыстық қудалау мақсатында ғана пайдалану кепілдігін орнату қажет. Қылмыстық кодекстің 147-бабы осы талаптың құқықтық тірегі бола алады [9].

Қорытынды

Жүргізілген талдау цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсы қазақстандық қылмыстық-құқықтық шаралардың соңғы үш жылда айтарлықтай дамығанын көрсетеді. Кибербуллинг, сталкинг және психологиялық қудалауға қатысты нормалар бірте-бірте қалыптасты, дегенмен жүйе әлі тұтастыққа жеткен жоқ.

Біріншіден, ересектерге қатысты қайталанатын цифрлық қудалау үшін арнайы әкімшілік құрамды ӘҚБтК-ге енгізіп, оның сталкингпен, қорлаумен және жеке өмірге қол сұғумен арақатынасын Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында түсіндіру ұсынылады. Әкімшілік құрам елеулі зиян туындамаған әрекеттерді қамтуы, ал ҚК-нің 115-1-бабы елеулі зиян келтірген жағдайларға қолданылуы тиіс.

Екіншіден, ҚПК-ге электрондық деректердің түпнұсқалығын, тұтастығын және сақтау тізбегін айқындайтын ұғымдар мен негізгі талаптарды енгізіп, оларды іске асыратын ведомствоаралық қағидаларды Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және цифрлық даму саласындағы уәкілетті орган бірлесіп қабылдауы қажет.

Үшіншіден, психологиялық зорлық-зомбылықты криминалдау жөніндегі заң жобасы ғылыми-құқықтық және криминологиялық сараптамадан өткізіліп, оның құрамында

жүйелілік, қасақаналық және дәлелденетін елеулі психологиялық салдар немесе негізді үрей сияқты шектеуші белгілер бекітілуге тиіс.

Төртіншіден, Сталкингтен қорғау нұсқамасы үлгісіне жақын жедел соттық шара енгізіп, сотқа байланысуға, жәбірленушінің орналасқан жеріне жақындауға және жалған аккаунттар арқылы әрекет етуге уақытша тыйым салу өкілеттігін беру қажет.

Бесіншіден, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті бірыңғай жіктеуіштер мен жыл сайынғы ашық есепті енгізуге тиіс.

Алтыншыдан, цифрлық профилактика мен жасанды интеллект қолданылған кезде деректерді жинаудың мақсаты, сақтау мерзімі, қол жеткізу субъектілері, аудит және жою тәртібі уәкілетті органның нормативтік актісінде айқындалуы қажет. Осы шаралардың кезең-кезеңімен іске асырылуы құқықтық айқындықты арттырып, жәбірленушіні ерте қорғауды және цифрлық дәлелдемелердің сотта жарамдылығын қамтамасыз етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№AP32322655 бағдарламасы).

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы зерттеуді жүргізуге және оның нәтижелерін жариялауға ықпал етуі мүмкін мүдделер қақтығысының болмағанын мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Б. Сактаганова – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, мақаланың кіріспесі мен қорытындысын дайындау, қолжазбаның соңғы нұсқасын редакциялау;

Н.Е. Қыргызбай – зерттеу материалдарын жинау және жүйелеу, мақаланың негізгі бөлімін дайындау;

А.Ж. Омаров – зерттеудің ұғымдық-терминологиялық аппаратын зерделеу және ғылыми-құқықтық терминологияны біріздендіру.

Барлық авторлар қолжазбаның түпкілікті нұсқасын оқып, мақұлдады және жұмыстың мазмұнына жауапты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Inbusiness.kz (2026) «Қазақстанның интернет пайдаланушылары зиянды контенттен қорғалған ба?». Қолжетімді: https://inbusiness.kz/ru/news/zashisheny-li-internet-polzovateli-kazahstana-ot-vredonosnogo-kontenta (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

2. Қазақстан Республикасы (2002) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2022 жылы 1-баптың 4-1) тармақшасымен – «кибербуллинг» ұғымымен толықтырылған). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

3. United Kingdom (2019) Stalking Protection Act 2019. Available at: https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2019/9/contents (Accessed: 21 September 2026).

4. United Kingdom (1997) Protection from Harassment Act 1997. Available at: https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1997/40 (Accessed: 21 June 2026).

5. Italia (2009) Codice penale, articolo 612-bis «Atti persecutori». Available at: https://www.normattiva.it (Accessed: 21 June 2026).

6. Қазақстан Республикасы (2023) «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы»: Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 10 шілдедегі № 18-VIII ҚРЗ Заңы. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000018 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

7. Қазақстан Республикасы (2024) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»: Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 73-VIII ҚРЗ Заңы, Егемен Қазақстан, 16 сәуір.

8. Қазақстан Республикасы (2014a) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі»: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

9. Қазақстан Республикасы (2014b) «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі»: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Кодексі (2025 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

10. Рахметов, С.М. (2025) Уголовная ответственность за сталкинг. Астана: Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 12 с.

11. Қазақстан Республикасы (2025a) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»: Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VIII ҚРЗ Заңы (Қылмыстық кодекске «Сталкинг» деп аталатын 115-1-баптың енгізілуі). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000210 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

12. Қазақстан Республикасы (2014c) «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі»: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Кодексі (2026 жылғы қолданыстағы редакциясы). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231 (қаралған күні: 21 қыркүйек 2026 ж.).

13. National Institute of Standards and Technology (2006) Guide to Integrating Forensic Techniques into Incident Response. NIST Special Publication 800-86. Gaithersburg, MD: National Institute of Standards and Technology. Available at: https://csrc.nist.gov/publications/detail/sp/800-86/final (Accessed: 21 September 2026).

14. Қазақстан Республикасы (2022) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»: Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңы. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000118 (қаралған күні: 21 қыркүйек 2026 ж.).

15. Қазақстан Республикасы (2024) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»: Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ Заңы. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

16. Council of Europe (2011) Council of Europe Convention on Preventing and Combating Violence against Women and Domestic Violence (Istanbul Convention). Istanbul: Council of Europe, CETS No. 210.

17. Калкаева, Н., Избасова, А., & Бұғыбай, Д. (2023). Некоторые вопросы профилактики кибер-буллинга в Республике Казахстан . Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право, 145(4), 91–99. https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-145-4-91-99

18. Қазақстан Республикасы (2025b) «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы»: Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII ҚРЗ Заңы (2026

жылғы 2 наурыздан бастап қолданысқа енгізілген). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245 (қаралған күні: 21 маусым 2026 ж.).

References

1. Inbusiness.kz (2026) «Qazaqstannyn internet paidalanushylary ziyandy kontentten qorgalgan ba?». Available at: https://inbusiness.kz/ru/news/zashisheny-li-internet-polzovateli-kazahstana-ot-vredonosnogo-kontenta (Accessed: 21 June 2026).

2. Qazaqstan Respublikasy (2002) «Qazaqstan Respublikasyndagy balanyn quqyqtary turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2002 zhylgy 8 tamyzdagy No. 345-II Zany (2022 zhyly 1-baptyn 4-1) tarmaqshasymen – «kiberbulling» ugymymen tolyqtyrylgan). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ (Accessed: 21 June 2026).

3. United Kingdom (2019) Stalking Protection Act 2019. Available at: https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2019/9/contents (Accessed: 21 September 2026).

4. United Kingdom (1997) Protection from Harassment Act 1997. Available at: https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1997/40 (Accessed: 21 June 2026).

5. Italia (2009) Codice penale, articolo 612-bis «Atti persecutori». Available at: https://www.normattiva.it (Accessed: 21 June 2026). [in Italian].

6. Qazaqstan Respublikasy (2023) «Onlain-platformalar zhane onlain-zharnama turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2023 zhylgy 10 shildedegi No. 18-VIII QRZ Zany. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000018 (Accessed: 21 June 2026).

7. Qazaqstan Respublikasy (2024) «Qazaqstan Respublikasynyn Akimshilik quqyq buzushylyq turaly kodeksine aielderdin quqyqtary men balalardyn qauipsizdigin qamtamasyz etu maseleleri boiynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2024 zhylgy 15 sauirdegi No. 73-VIII QRZ Zany, Egemen Qazaqstan, 16 sauir.

8. Qazaqstan Respublikasy (2014a) «Qazaqstan Respublikasynyn Akimshilik quqyq buzushylyq turaly kodeksi»: Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 5 shildedegi No. 235-V QRZ Kodeksi (ozgeristermen zhane tolyqtyrularmen). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 (Accessed: 21 June 2026).

9. Qazaqstan Respublikasy (2014b) «Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi»: Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 3 shildedegi No. 226-V QRZ Kodeksi (2025 zhylgy zhagdai boiynsha ozgeristermen zhane tolyqtyrularmen). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (Accessed: 21 June 2026).

10. Rakhmetov, S.M. (2025) Ugolovnaya otvetstvennost za stalking. Astana: Institut zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazakhstan, 12 p.

11. Qazaqstan Respublikasy (2025a) «Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine Qazaqstan Respublikasynyn qylmystyq zannamasyn ontailandyru maseleleri boiynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2025 zhylgy 16 shildedegi No. 210-VIII QRZ Zany (Qylmystyq kodekske «Stalking» dep atalatyn 115-1-baptyn engizilui). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000210 (Accessed: 21 June 2026).

12. Qazaqstan Respublikasy (2014c) «Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq-protsestik kodeksi»: Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 4 shildedegi No. 231-V QRZ Kodeksi (2026 zhylgy qoldanystagy redaktsiyasy). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231 (Accessed: 21 September 2026).

13. National Institute of Standards and Technology (2006) Guide to Integrating Forensic Techniques into Incident Response. NIST Special Publication 800-86. Gaithersburg, MD: National Institute of Standards and Technology. Available at: https://csrc.nist.gov/publications/detail/sp/800-86/final (Accessed: 21 September 2026).

14. Qazaqstan Respublikasy (2022) «Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine balanyn quqyqtaryn qorgau, bilim beru, aqparat zhane aqparattandyru maseleleri boiynsha ozgerister

men tolyqtyrular engizu turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2022 zhylgy 3 mamyrdagy No. 118-VII QRZ Zany. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000118 (Accessed: 21 September 2026).

15. Qazaqstan Respublikasy (2024) «Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine aielderdin quqyqtary men balalardyn qauipsizdigin qamtamasyz etu maseleleri boiynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2024 zhylgy 15 sauirdegi No. 72-VIII QRZ Zany. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072 (Accessed: 21 June 2026).

16. Council of Europe (2011) Council of Europe Convention on Preventing and Combating Violence against Women and Domestic Violence (Istanbul Convention). Istanbul: Council of Europe, CETS No. 210.

17. Kalkayeva, N., Izbasova, A., & Bugibay, D. (2023). Nekotorye voprosy profilaktiki kiberbullinga v Respublike Kazakhstan. Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Pravo, 145(4), 91–99. https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-145-4-91-99

18. Qazaqstan Respublikasy (2025b) «Quqyq buzushylyq profilaktikasy turaly»: Qazaqstan Respublikasynyn 2025 zhylgy 30 jeltoqsandagy No. 245-VIII QRZ Zany (2026 zhylgy 2 nauryzdan bastap qoldanysqa engizilgen). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245 (Accessed: 21 June 2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Сактаганова А.Б. **–** хат-хабар авторы, PhD, аға оқытушы, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев, 2, 010000, Астана, Қазақстан

Қыргызбай Н.Е. **–** докторант, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев, 2, 010000, Астана, Қазақстан

Омаров А.Ж. **–** докторант, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев, 2, 010000, Астана, Қазақстан

Сактаганова А.Б. – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), старший преподаватель, кафедра уголовно-правовых дисциплин, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан

Кыргызбай Н.Е. **–** докторант, кафедра конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан

Омаров А.Ж. **–** докторант, кафедра конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан

Saktaganova A.B. **–** corresponding author, Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Department of Criminal Law Disciplines, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010000, Astana, Kazakhstan

Kyrgyzbay N.E. **–** Doctoral Student, Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010000, Astana, Kazakhstan

Omarov A.Zh. – Doctoral Student, Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010000, Astana, Kazakhstan

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).